Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп

Мәлімет ата-аналар жиналысы

Шардара қаласы

«22»қыркүйек 2023ж

Қатысқаны: ата-ана саны 87

1.«Интернет және бала!» түсіндірме жұмыстары.
2. « Балалардың қадағалаусыз қалуының алдын алу » тренинг сабақ.
3. «Отбасындағы қатыгездік» видио ролик көрсетілді.
4. Сіз қандай ата-анасыз? Сауалнама.

**Тыңдалды:** «Интернет және бала!» Түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Интернеттің зиянды жағын балаға қанндай әсері бар екендігі жайлы ақпарат беріліп өтті.

Тренинг жүргізу барысында ата-аналар белсене тапсырмаға кірісе кетті. Нәтижесінде балаға қараусыз, қадағалаусыз қалса тәрбиесіне әсері канһдай болатындығын түсіндіруге тырыстық.

Роликті көрсету барысында ата-аналар өз баласына махаббат пен мейірімділікті,жылулық пен шынайылықты, баланы өзіне жақын тартуға, көңіл бөліп баласын түсіне білуге шақыру.

Сауалнама алу барысында 87 ата-ана қатысты. Сауалнамада 3 нұсқадан тұрады. Әрқашан жасаймын 57 ата-ана, Кейде ғана келісемін 16 ата-ана, Келіспеймін деген нұсқаға 14 ата-ана жауап берді. Сауалнама нәтижесі өңделді.

Педагог-Психологтар: Л.Калиева, Н.Халмуратова

«Бала тәрбиесі баршамызға ортақ» атты тақырыпта мектепішілік ата-аналар жиналысы.












***Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің 6 «А» сынып ата-аналар жиналысының хаттамасы.***

26. 10. 2023 ж. , 6 «А» сынып ата-аналары
Жалпы оқушы саны – 24
Қатысқаны – 17 ата - ана
Күн тәртібінде:
1. Оқушылардың І тоқсан бойынша қорытынды бағаларын, оқушылардың пәндерге ынтасы мен қызығушылығын мәлімдеу.
2. Балалардың жетістіктері туралы ата - аналарға хабарлау.
3. «Қауіпсіздік ережелері» туралы.
4. Мектеп психологы Халмуратова Нүргүль «Жасөспірімдер және виртуалды әлем» «Интернетті пайдалану туралы балалармен қалай сөйлесуге болады» атты тақырыпта баяндамасы.
5. Әр түрлі сұрақтар

Тыңдалды:

1 сұрақ бойынша сынып жетекші Ақылбекова Ғазиза сөз сөйледі. Оқушылардың 1 - тоқсан бойынша қорытынды бағаларын мәлімдеп, «жақсы» деген бағадан «қанағаттандырарлық» бағаға түсіп кеткен оқушылардың сол пәндерге ынтасы мен қызуғышылығын мәлімдеді. Ата - аналар жиналысына шақырылған пән мұғалімдері Арынова Г., Нұрымбетова Л. оқушылар туралы айтты.

2 сұрақ бойынша сынып жетекші оқушылардың жетістіктері туралы айтты. Олимпиадаға қатысқан оқушылар туралы айтылды. Мектепішілік фестивальге қатысқаны туралы айтылды.

3 сұрақ бойынша сынып жетекшісі сөз сөйлеп қауіпсіздік ережелерімен ата - аналарды таныстырып, жолда бала сақ жүруіне, абай болуына ата - аналарға үгіт - насихат жұмыстар жүргізіп, қол қойғызды.

4 сұрақ бойынша мектеп психологы Халмуратова Нургүль «Жасөспірімдер және виртуалды әлем» «Интернетті пайдалану туралы балалармен қалай сөйлесуге болады» атты тақырыпта баяндама оқыды.

Жиналыс қаулы етеді:
1. 2 тоқсанда оқушылардың сабаққа дайындығын бақылау, сыныптың білім сапасын көтеру.
2. Қауіпсіздік ережелерін ата - аналар балаларына үнемі сынып жетекшісімен қатар түсіндіріп отырсын.
3. Сынып оқушыларының оқу сапасының көтерілуін сынып жетекшісі мен пән мұғалімдері, ата - аналар бірлесіп жұмыс жасау.
4. Оқушылардың тәртібіне және күнделіктеріне назар аудару.

Сынып жетекшісі: Ақылбекова Ғ
Педагог-психолог: Халмуратова Н

«Жасөспірімдер және виртуалды әлем» «Интернетті пайдалану туралы балалармен қалай сөйлесуге болады»
Ата-аналармен жиналыс өту барысынан көрініс









«Ата-ана мен бала арасындағы қарым қатынас» ата-аналар жиналысынан көрініс









## «Буллинг» және «Кибербуллинг» жайлы түсіндірме жұмыстары және бопсалау әлімжеттіліктің алдын алу











**Жасөспірімдер, жеткіншектер арасында «буллинг», «кибербуллинг» жайлы түсіндірме жұмыстары**

Тақырыбы: Жасоспірімдер, жеткіншектер арасында «буллинг», «кибербуллинг»
Мерзімі:29.09.2023жыл
Мақсаты: Мектепте буллинг және киббербуллингті болдырмау,болған жағдайда себептері және алдын алу жұмыстары туралы түсінк беру
Жиналыстың міндеттері:
1. Түсінік жұмыстарын жүргізу
Қажетті құралдар: слайд, бейнеролик
Барысы:
5-11 сынып білім алушыларына жасөспірімдер, жеткіншектер арасында «буллинг», «кибербуллинг»туралы түсінік жұмыстары жүргізілді.

Жалпы білім алушылардың Буллинг деген не? Кибербуллинг деген не? сұрақтарын қоя отырып түсінік жұмыстары жүргізілді.

Буллинг деген не? Қорлау (буллинг) – басқа адамның жанын ауырту мақсатында агрессияны қолдану. Қорлау жәбірленушіге ауыртпалық пен қайғы әкеледі. Оның агрессив мінез-құлықтың басқа түрлерінен ерекшелігі – бірнеше рет қайталанады және жеке адамға немесе топқа бағытталады.

Бүгінде буллинг әлем мектеп¬те¬рінде кеңінен таралып отыр. Буллинг сөзі ағылшын тілінің bully, яғни қорқыту ұғымын береді. Бұл физикалық агрессия¬ны ғана емес, психологиялық қысым, қорқыту, тартып алу, қорлау дегенді білдіреді. Мұндай теріс әрекеттер физикалық байланыс, сөздер немесе басқа да әдістер түрінде болуы мүмкін. Мысалы, бет көрінісін өзгерту немесе әдепсіз қимыл, сондай-ақ буллингтің құрбанын топтан, қауымдастықтан әдейі шығарып тастауға ұмтылу.

Кибербуллинг дегеніміз не? Кибербуллинг – адамды интернетте, мысалы әлеуметтік желілерде қорлау немесе қудалау. Егер де:

¬саған зұлым, реніштi хабарламалар, смс немесе электронды хаттар (email) жазса

¬сенi қорлайтын бейнероликтер, суреттер, өсек немесе жалған сөздер таратса

¬әлеуметтiк желiлерде сенiң атыңнан жалған аккаунттар құрып, онда ерсi фотосуреттердi

орналастырса

¬сенi ренжiту үшiн әлеуметтiк желiлерде достар тобынан әдейi шығарып тастаса

¬саған әдепсiз сөздер жазылған немесе қоқан-лоқы түрдегi хабарламалар жiберсе

¬жеке басыңа қатысты ақпаратты басқаларға жайса

¬сенi ренжiту не қорлау мақсатында жеке фотосуреттерiңдi басқаларға рұқсатсыз жiберсе, онда сен

кибербуллинге тап болдын.

Кез келген адамның кибербуллингке ұшырауы мүмкін екені есіңде болсын. Егер де сенімен бұндай жағдай орын алып жатса, ол сенің кінәң емес. Дегенмен саған онлайн қауіпсіздігін сақтау қажет. Және көмек сұраудан қорықпа, бұл – әлсіздік емес.

Балаларға видиороликтер көрсетіліп жан-жақты түсірік жұмыстары жүргізілді.

Қорытынды:Білім алушылар кері байланыс жасап өз сұрақтарын қойып,жауаптарын алды,өз ойларымен бөлісті.

Педагог-психолог: Н.Халмуратова

Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің 8-11 сынып оқушыларымен зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында , "Зорлық-зомбылық туралы мен не ойлаймын?" тақырыбында алынған сауалнама қорытындысының

АНЫҚТАМАСЫ

Мерзімі : 7-8-9 қараша 2023 ж

Сауалнамаға қатысқан оқушылар саны 85

Зорлық – зомбылық туралы мен не ойлаймын - сауалнамасы

1. Зорлық деген сөзді қалай түсінесің?
- тек күш көрсету 75
- қол жұмсау
- мажбүрлеу
- қорқыту 5
- адамның құқығына қысым жасау 5
- менсінбеушілік
- кемсіту
- қатігездік
- ауру келтіру
- өмір сүруге қауіп төндіру
- өз жауабың.............................................................................................
2. Сенің ойыңша, қай жерлерде, кімнен бала қорлық - зорлыққа тап болуы мүмкін?
- отбасында, жақын адамдардан
- көшеде, бейтаныс адамдардан 80
- мектептегі оқушылардан 5
- достарынан
- өз жауабың.............................................................................................
3. Қиын жағдайда не істейсің?
- әке анамнан көмек сұраймын 72
- өз проблемамды өзім шешуге тырысамын 7
- Ата - анамды мазалағым келмейді
- Сынып жетекшіге жолығамын
- Психологқа жолығамын
- Әлеуметтік педагогқа жолығамын
- Милицияға барамын
- Директорға барамын
- Шыдауға тырысамын 6
- Достарыммен шешемін
- Туған - туыстарыммен
- Өз жауабың.............................................................................................
4. Ата - анаңмен қарым - қатынасың қандай?
- ата - анам досым
- Жақсы қарым – қатынастамын 85
- түсінбеушілік пен даулар болып тұрады
- менсінбеушілікпен қарайтын сияқты
- қол көтереді
- әкем мен анам менен алыс
- өз жауабың.............................................................................................
5. Жазалау барысында көбіне қандай шара қолданады?
- ұрысады

- ұрады
- ақша бермейді
- достарыммен сөйлестірмейді
- теледизор, компьютер қарауға тиым салады 10
- еш уақытта жазаламайды 10
- түсіндіріп, көндіргісі келеді
- желкемнен түйеді, шапалақ береді
- дұрыс еместігін түсіндіргісі келеді 65
- өз жауабың.......................................................................................................................
6. Әке - ананның жазалауымен келісесің бе?
- иә 45
- иә деп айтуға болады
- жоқ 40
- жоқ деп айтуға болады
- өз жауабың.......................................................................................................................
7. Бір нәрсеге ашуланып, сенен өш алған уақыттары болды ма?
- иә ондай жиі болып тұрады
- айта алмаймын
- кейде 35
- еш уақытта 50
- өз жауабың.......................................................................................................................
8. Өзің ата - ана болғанда өз балаларыңды жазалайсың ба?
- иә 25
- жоқ 60
9. Әке - анаң келесіге ниет білдіре ме?

| | | |
|---|---|---|
| Сені мақтауға ———— | Құшақтауға ———— | Сүюге |
| Үнемі 70 | Үнемі 79 | Үнемі 85 |
| Анда - санда 15 | Анда - санда 6 | Анда - санда |
| Еш уақытта ———— | Еш уақытта ———— | Еш уақытта |
| әлде.... ———— | әлде.... ———— | әлде.... |

| | | |
|---|---|---|
| Сені соғуға ———— | Үйден қууға ———— | Қараңғы бөлмеге қамауға |
| Үнемі ———— | Үнемі ———— | Үнемі |
| Анда - санда ———— | Анда - санда ———— | Анда - санда |
| Еш уақытта ———— | Еш уақытта 85 | Еш уақытта |
| әлде.... ———— | әлде.... ———— | әлде.... |

10. Істеген үлкен қателіктерің үшін қандай жаза қолданады?
Анаң ұрысады. Әкең..............................................................................................
11. Өз жанұяңда паналы, сүйікті екеніңді сезінесің бе?
- иә 82
- жоқ 3
12. Егерде адам зорлыққа тап болса, қандай мекемелерден көмек сұрай алады деп ойлайсың?
полиция
13. Біздің заманымызда баланы зорлықтан қорғау үшін қандай құжаттар бар?

Заң бар 1

Билмеймін

Педагог-психолог Л.Калиева

Н.Халмуратова

«Зорлық-зомбылық туралы мен не ойлаймын?» сауалнама.

Мақсаты:Зорлық зомбылықтың алдын -алу.









**Б.Соқпақбаев атындағы жалпы орта мектебі 2023-2024 оқу жылындағы Шардара аудандық білім бөлімінен келген 29.11.2023 №229-01/02-17/2965 хаты бойынша атқарылған жұмыстар мәліметі**

Кәмелетке толмаған жасөспірімдерді зорлық-зомбылықтан қорғау, өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу бойынша төмендегідей жұмыстар атқарылды: мектеп педагог-психологтары Л.Калиева мен Н.Халмуратованың зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша атқарған жұмыстары жайлы мәлімет.

Қыркүйек айында 29 күні 5-11 сыныптармен «Буллингтің және кибербуллин» дегеніміз не? Тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.





4,5,6.10 2023ж. «Буллингтің және кибербуллингтен қорғаудың, бопсалау, әлімжетіктің алдын алу» диагностика жүргізілді.






Қазан айында 15 күні «Ата–ана мен бала арасындағы қарым–қатынас» тақырыбында 4 сынып оқушыларының ата-аналарымен жүргізілді.






Қазан айының 26 күні 6 А сынып ата-аналарымен «Жасөспірімнің қарым–қатынасы нақты және виртуалды әлем», «Интернетті пайдалану туралы балалармен қалай сөйлесуге болады» атты тақырыпта.






7-8-9.11.2023ж 8-11 сыныптардан «Зорлық зомбылықтың алдын алу» тақырыбында сауалнама алынды.






Қараша айында 27 күні «Қолымызды жазалау үшін емес, қорғау үшін көтереміз» флешмоб 8-10 сынып оқушыларымен профилактика және психологиялық ағарту жұмыстары жүргізілді.





27 қараша 2023 жылы, педагаг-психологы Л.Калиева «Отбасы және бала тәрбиесі» атты тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізіп, осы тақырыпта баяндама оқыды. "Балам менің көзіммен" тақырыбында тренинг жүргізілді.




2023 жылы 28 қараша күні «Бақытты отбасы балалар көзімен» тақырыбында тренинг жүргізілді.

Тренинг мақсаты: оқушылардың отбасына деген жылулықтың, махаббаттың, сыйластықтың бар екендігін ұғындыру.





24.10.2023ж мектептің әлеуметтік педагогтары А.Эстемесова қамқоршылық органдарының және ата-аналар қоғамдастығының қатысуымен «Мейірімділік жүректен» іс -шарасын өткізді.





Педагог-психолог: Л.Калиева, Н.Халмуратова

Әлеуметтік-педагог: А.Эстемесова

**«Отбасы зорлық зомбылықсыз аумақ» атты психологиялық алдын алу жұмыстарының хаттамасы**

Күні: 14 наурыз 2024 жыл
Қатысқан ата-ана саны:13
Мақсаты: Ата-аналарға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса ата-аналарға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету. Зорлық –зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бамауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.
I. Кіріспе сөз: Зорлық-зомбылық құқықта «Бір адамның екінші бір адамға, оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәни және психикалық ықпал жасауы» делінген. Ол тән азабын шектірген зорлық және жан азабын шектірген зорлық болып екіге бөлінеді.
Бейнеролик «Сәбидің бәрі бақытты бол үшін жаралған»
II. Баяндама " Отбасы зорлық зомбылықсыз аумақ "
Бейнеролик «Жанұяда тұрмыстық зорлық-зомбылық туындамас үшін не істеу керек»
Қорытынды: ата-аналар «Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады» деген ойларын білдірді.

Ұсыныс: басқа сынып ата-аналарымен өткізу керек.








**Б. Соқпақбаев атындағы жалпы орта мектебі**

**Хаттамасы №1**

Шардара қаласы 26.09.2023ж

Қатысқандар 72

Күн тәртібінде:

1 **Мектеп ішіндегі тәрбие тәртіп**
2 **Әр түрлі мәселелер.**

**Тыңдалды:**

1 мәселе бойынша мектебіміздің педагог-психологы Л.Калиева сөз алды. «Қыздарға әсемдік жарасады» тақырыбында баяндама оқылды. Қазақ қыздарының қылығымен, инабаттылығы мен, кішіпейілділігі көрсету арқылы мінез қылығын түзей білген. Қыз қылығымен, қыз қылығы түзде деп сыртта да тәрбелі болып жүруге, арлы,абыройлы болып жүруге қыздарға кеңес айтылды. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге қыздарды тәриелі болуға шақырды.

**2 мәселе бойынша** Мектебіміздің тазалық, тәртібі жайлы «Инабат» қыздар ұйымының жетекшісі Митанова. М сөз алды.Қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани -адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерді дамыту. Жеке бас гигиенасын сақтауға, әдепсіз болмауға тәрбиелеу, және мектеп қабырғасында жүргенде тәртіпті тәрбиелі болып жүруді айтып өтті. Ендігі кезекте қыздар ұйымының жетекшісі етіп Демеуова Сандуғаш апайды таныстырды. Пайымыз қыздармен жақынырақ танысып алдағы жұмыс жоспарымен таныстырды. Жоғары сынып қыздарын мектеп қабырғасында жүргенде тәрбие, тәртібіне аса көңіл бөлу қажет екендігі ескертілді.

**Әр түрлі мәселелер бойынша** мектепке мектеп формасы мен келуге және сабақтан қалмауын қадағалау, мектепке боянып келмеу, жігітпен жақын араласпау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, жоғары сынып қыздарына өзінен кейін өсіп келе жатқан сіңлілеріне үлгі болатындай құрметпен жүруді айтып өтілді. сынып қыздарына әлеуметтік желіде көп отырмай, уақытының басым бөлігін сабаққа оқуға жұмсау керек екені айтылды.

**Қаулы:** Оқушылар мектепке мектеп формасымен келуге міндетті. Оқушылардың сабақтан қалмауын, мектепке формамен келуін сынып жетекшілері қадағаласын. Қыздармен жиналыс өткізілу жалғасын тапсын.

Жиналыс төрайымы: Байқоңырова.А
Хатшысы: Митанова. М

«Қыздарға әсемдік жарасады» Баяндама 26.09.2023ж








Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі

Хаттама

Шардара қаласы

Қатысқандар 8-11 сынып қыздары — Мерзімі: 20.10. 2023 жыл

Күн тәртібінде

1. Қадағалауды қажетететін қыздармен жұмыс

Қыздар ұйымының жетекшісі С.Демеуова мен мектебіміздің педагог психологі Л.Қалиева қыздармен жиналыс өткізді.Жиналыс мақсаты: мектептерде мұғалімдерді мазалайтын, сабақтан көп қалатын,тәртібі нашар, сыныптастарымен үнемі тіл табыса алмайтын, ұстаздардың талабын орындамайтын қыздармен сөйлесіп инабаттылыққа баулу.

С.Демеуова:Күнделікті өмірдегі көріністерге бір сәт назар аударайықшы. Мектеп қабырғасында жүрген қыздарымыз жарассын-жараспасын денелеріне тырысып тұратын киімдер киіп, қымбат әшекейлер, алтын тағып, бет-ауыздарын бояп, өздерінің инабаттылығы мен сыпайылығынан, жастық жарасымдылығынан жоғалтып келеді. Табиғаттың өзі жан дүниесін сұлу, нәзік, мейірбан етіп жаратқанына мән бермейді. «Жастықтың өзі жастығымен әдемі» дегендей, ар-намысын жоғары ұстай білген қыз ғана жұрт алдында әрдайым абыройлы, сыйлы. Ертеңгі күні не болатынын білмегендіктен, тек өздеріне сеніп, бүгінгі күнмен ғана өмір сүретін адамдар тобына айналып бара жатқан жоқпыз ба? Себебі, біздің қоршаған ортамыз жаңа дүниелер арқылы қалыптасу үстінде. Сондықтан шығар, біз, өзіміздің адами құндылықтарымызды жоғалтып бара жатқандаймыз. Ар сақтау, ұятты білу, үлкенді ардақтау, кішіні құрметтеу, адамды сыйлау ұмытылып барады, тіпті жойылып барады деуге болады. Ең қажетті, әрі қасиетті шаңырақ, бар қазақтың алтын бесігі-мектеп. Сондықтан сол мектептен білім алғасын сол мектептің талабына бағыну міндет екендігін айтып өтті.

Жиналыс барысында кей қыздарымыз ата-ана тарапынан еш жылулық көрмей өсіп, осыған мектептегі қыздардың, мұғалімдердің кері көз-қарасы қосылып,ұзаққа созылған қайғыру, ренжу қосылып ашуланшақ қалыпқа түскендігін айтып өтті және ондай жағдайларды қайталамауға сөз берді.

Л.Қалиева: «Көркем мінез ең құнды қасиет» тақырыбында баяндама оқылып қыз баланың келешегіне ең керектік нәзіктік, ілтипаттылық, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болуға, тұрақтылық сияқты мінездерді қалыптастыру – басты борыш. Сонда бұл сипаттар келешекте жарасымды жар, аяулы ана, қоғамымыздың белсенді мүшесі болатын қыз баланың бойынан әрқашан нұр болып төгіледі. Адамға деген мейірім бала кезден ең жақын адамын сүюден басталады. Сондықтан әрбір қыз балаға ата-анасын, бауырларын, туыстарын, ұстазын сыйлап, қадірлей білуді үйретсе, болашақта одан елін, жерін, халқын сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жанындай жақсы көретін қамқор ана, қайратты жан, нәзік ару шығары сөзсіз екендігін айтып қыздардың бойындағы әдептілікке жеке тоқталды.

Қаулы

1. Қадағалауды қажет ететін қыздармен жұмыс әрі қарай жандансын .
2. Жиналыс төрайымы: Байқоңырова.А

Хатшысы: Демеуова С









Б.Сокпакбаев атындағы білім беретін мектебі

Хаттама №3

Шардара каласы

Қатысқандар 8-11 сынып кыздары Мерзімі: 10.11. 2023 жыл

Күн тәртібінде

1. «Тазалық саулық кепілі» қыз баланың жеке гигенасына кеңестер беру
2. Әр түрлі мәселелер

Бірінші мәселе бойынша мектебіміздің тәрбие ісі бойынша орынбасары А.Байконырова "Қыз балалардың жеке гигиенасы бойынша козғалатын проблемалар" такырыбы бойынша акыл - кеңестер жүргізді. Мақсаты: кыз балаларға жақсы мінез, салауатты өмір салтын сактауды қалыптастыру, дұрыс күтім жасауға үйрету. Жиналыс барысында қыздар ұйымы жетекшісі С.Демеуова: «Ұлтымыз қыз баланың ізеттілігі мен мәдениеттілігін — сыртқы бет-пішіні мен киім киісіне карап бағалаған. «Қыз – өмірдің гүлі»,«Қыз – халықтың гүлі, өлең – сауықтың гүлі»деген даналардың сөзі бар. Сол себепті, қызы тәрбиелі елдің болашағы зор болмақ. Өйткені, ұлттың болашағы кыздың құрсағынан басталады. «Қыз – халықтың гүлі, өлең – сауықтың гүлі» демекші, қыз бала тек сұлулығымен емес, бойына біткен мейірімділік, нәзіктік сияқты қасиеттерімен де көрікті. Қазақ халкы қыздың тәрбиесіне ерекше мән беріп, аялап өсіргендігін айтып өтті.

Мектеп психологі Н.Халмұратова: «Тазалық саулық кепілі» кыздармен сұхбаттасу, кенес беру әдісі жүргізілді. Нарықтық заманның талабы өзгерсе де, бойындағы ұяңдық нұрын сөндірмей, қазақ қызына тән болмысын бұзбай жүргендер де жетерлік. Алайда, бес саусақтың бірдей болмайтынындай, «арзан» алтынға қымбат касиеттерін алмастыруға дайын қыздарымыз да жоқ емес екендігін ескертіп кыздарға біраз ақыл кенес айтылды. «Қыздардың жеке гигиенасы кеңес» мектеп медбикесі Рахимова Айман өз сөзінде;кыздарға жеке бас гигиенасы туралы және кыздардың бойындағы ерекше касиет ана болу мәселесі жайында ашық түрде әңгіме жүргізіп, көптеген кенестер берді. Кенес беру барысында кыздардың сән қумай, бояуды бытыстырып жакпай, денеге жабысқан киім кимеу, етегі қысқа киімдер кимеу, шаштарын жайып, өздерін сорақы көрсетпей, айналасындағыларға боянып сыланып әдемі көрініп, ер адамдардың өздеріне көңілін аударып, ерте жастан жеңілтек атанбау үшін, өз бойындағы табиғи сұлулықты сақтау керектілігі айтылып түсіндірілді. Сонымсенкатареркекпенертежакындасудынзардабы да, салдары да көп. Ойдажоктажүктіболыпкалу жасқыздардынденсаулыктарынкұртады, көптегенжағдайлардаөмірлерінекаттыңсканкелтіреді. Тұңғышретбаланыалдырыптастау, яғни аборт жасату - әйелдібедеуетуі, түсініктірекайтсакекіншірет бала бітпеуімүмкін. Қазірбедеуліккетұңғышбіткенбаланыалдыртыптастаусебепкерболыпотырдепөзсөздерінаяктады.

Әр түрлі мәселелер бойынша мектепке мектеп формасымен келу және сабақтан калмауы сондай-ак кыздар арасындағы біраз мәселер әңгіме болды.

Қаулы:

1. «Тазалық саулық кепілі» қыз баланың жеке гигенасына берілген кеңестер орындалсын
2. Әр түрлі мәселелер бойынша талқыланған әңгімелермен сынып жетекшілер жұмыс жүргізсін

Жиналыс төрайымы: А.Байконырова
Хатшы: С.Демеуова







Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі

Хаттама № 5

Қатысқандар 8-11 сынып қыздары

Мерзімі 18.01.2024

Күн тәртібінде

1. Ерте жүктіліктің алдын алу
2. Ерте жүктіліктің қауіп қатері

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі орынбасары А.Байқоңырова мектеп тәртібі қыздар гигенасы бойынша ақыл кеңестер жүргізіп жиналысты ашты. Жастарға дұрыс бағыт беру және ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында өткізіліп жатқан жиналыс екендігін қыздарға баяндады.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ерте жүктілік деп 13-19 жаста болған жүктілікті айтамыз.Бұл кезде қыз балада бойжеткен кезеңі –гормоналды ауысу кезеңі басталады. Бұрын ерте жүктілік жағдайы төмен отбасыларда болады деп есептелген,бірақ қазір пікір өзгерді. Себебі, тұрмыс жағдайы жақсы отбасында өскен балалардың кейбірі жауапкершілікті сезінбейді. Көпшілік ата –аналар балаларының сексуалды өмірлеріне араласқылары келмейді.Мұны бұқаралық құралдардан интернеттен біледі деп ойлайды.Алайда, бұл ақпарат қыз балаларға жеткіліксіз болып келеді. Ерте жыныстық қатынасқа түсу жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын бұзады.Қыз бала, қыз, әйел-бұл бір ғана адам өткеретін әртүрлі кезең. Ол әрбір кезеңде қуанышпен де, қайғымен де бетпе-бет кездеседі.Дені сау ұрпақты өмірге әкелу үшін әйелдердің репродуктивті денсаулығы өте маңызды екенін түсіну қажет екендігін қыздарға қыздар ұйымының жетекшісі С.Демеуова айтып өтті.

Мектеп психологі Н.Халмұратова «Қалай жыныстық зорлық зомбылықтың құрбаны болмау керек?» тақырыбында бейнеролик көрсетіп түсіндірме жұмыстар жүргізді. Қыздардың ар - намысын, пәктігін, сұлулығын жоғары қою, жұрт алдында абыройлы болуын, салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой өрісін дамыту, зиянды әрекеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратынын ескертті

Күн тәртібіндегі екінші мәселе «ерте жүктіліктің қауіп қатері» бойынша мектебіміздің медбикесі А.Рахимова ерте жүктіліктің қауіп- қатері күшті және оның жауапкершілігі мол іс екенін айтты.Жасөспірімдер бір ғана шалыс басқан істің артында үлкен қауіп -қатер бар екенін біле бермейді. Мысалы жас ана жүктілікті физикалық көтере алмайды, қиын таңдау тұрады: аборт жасау немесе баланы қалдырса өзін қатерге тігеді.Толық қалыптаспаған организм жүктілікті және босануды көтере алмайды, соның салдарынан ақауы бар баланың дүниеге келуі мүмкін. Жоғарыда айтылған дүниенің бәрі жүктіліктің қауіп -қатері екенін қыздарға жеткізді.

Қаулы

1.Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында мектеп әкімшілігі , сынып жетекшілер,қыздар төрайымы қыздармен тығыз байланысып жұмыстар жүргізілсін

Жиналыс төрайымы: А.Байқоңырова

Хатшы: С.Демеуова









Б.Сокпакбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі

Хаттама № 6

Қатысқандар 6-7 сынып қыздары Мерзімі 02.02.2024ж

Күн тәртібінде

1. Қыздар ға әсемдік жарасады
2. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды

Қыздардың ар - намысын, тазалығын, сұлулығын жоғары қою, жұрт алдында абройлы болу,салауатты өмір салтын калыптастырудағы ой – өрісін дамыту, зиянды әректтерге еліктеудің, кызығудың өмірлеріне кауіп тудыратынын ескерту максатында кыздар жиналысы өткізілді.

Қыздар жиналысын тәрбие ісінің орынбасары А.Байконырова «Жаңа заманда сырғалалылардың әдемі болып көрінуіне мүмкіндік көп. Бояу мен иісмайдың, әшекей мен сәнді киімдердің түр-түріне оңай кол жеткізуге болады. Бірак, әсемдік бұйымдарын орынды пайдаланып жүрміз бе?! Немесе сұлу болып көріну үшін не істеп жүрміз?» -деп такырыпты сауалмен бастады.

Қыздардан казіргі тәрбие туралы өздерінің жеке пікірлері сұралды. Тек дұрыс жол таңдап, дұрыс жүре білу керек. Бәрі өз колында. Тән сұлулығынан жанның сұлу болуы маңызды деп есептеймін» деп кыздар өз ойларын ортаға салды.

Одан кейін кыздар ұйымының жетекшісі С.Демеуова **«Қызға кырық үйден тыйым»** такырыбында баяндама окып, мектебіміздегі кыздарымыздың жалпы тәрбиесі, киім киісі, адамдармен карым – катынас жасауда әдептілік этикасы туралы айтты. Қыз-бойжеткен, әйел, ана туралы ұлылардан калған ұлы сөздер мен қанатты сөз, мақал-мәтелдерді мұғалімдер мен кыздар мағынасын ашып, таллау жасады.

Қызу талқылаудан кейін, мектеп психологі Н.Халмұратова интерактивті тақтадан **«Қыздарға әсемдік жарасады»** такырыбындағы бейнематериал ұсынып «Қазак кызы» деп бетке ұстар аты аңызға айналған тарихтағы апаларымызды еске түсіріп, «кызға кырык үйден тыйымды» назарға ала отырып, білімді де тәрбиелі кырдың кызғалдағындай жайнап өсе беріңдер деп, сынып жетекшілер А.Исмайлова., А.Мырзаева, бүгінгі жиналыстың корытындылап токсан ауыз сөздің тобыктай түйінін жасады.

Қаулы

1. «Қыздар ға әсемдік жарасады» такырыбында берілген кеңестер орындалсын
2. Әртүрлі мәселелер бойынша талкыланған әңгімелермен сынып жетекшілер жұмыс жүргізсін

Жиналыс төрайымы: А.Байконырова

Хатшы: С.Демеуова





